

## Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 1302 Жарлығы. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 696 Жарлығымен.

**Ескерту. Жарлықтың күші жойылды - ҚР Президентінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 696 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 36-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2001 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 702 Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің құрамына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері болып:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Тоқболатов Ибраһим  
Т і л е у ұ л ы ,

Алматы қалалық сотының төрағасы Әлімбеков Мұсабек Тұрғынбекұлы,  
Қызылорда облыстық сотының төрағасы Есжанов Мұхтар Есіркепұлы,  
Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының  
төрағасы Серекбаев Ермек Қуандықұлы тағайындалсын;

Жалмұхамбетов К.Ж., Айсин Т.С., Нұрбеков М., Тәшенова А.К. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің құрамынан шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*